ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 26 желтоқсан №7119-25-00-2/13719 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы судья А.К.Кусманова, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде қозғалған электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Жоғары медицина колледжі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«Fast Telecom» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
тұрақсыздық айыбын өндіру туралы
артық төленген сомасын өндіру туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
прокурор Р.Т. Байзульдинова
талап қоюшының өкілі Г.М.Абишев
жауапкердің өкілі Н.Р.Марат

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Шаруашылық жүргізу құқығындағы «Жоғары медицина колледжі» МКК (бұдан әрі – Талапкер) және ЖК «Fast Telecom» (бұдан әрі – Жауапкер) арасында интернетке қол жеткізу қызметі бойынша жалпы сомасы 1 440 320 (бір миллион төрт жүз қырық мың үш жүз жиырма) теңгеге мемлекеттік сатып алу туралы 2025 жылы 14 қаңтарда №1 келісім-шарт (бұдан әрі – Шарт) жасалды.

Шарттың 1-қосымшасында қызметті шартқа қол қойған күнен бастап 2025 жылдың 31 желтоқсанына дейін үзіксіз қызмет көрсетуі тиіс делінген.

2025 жылдың 28 қазанында интернет өшірді. Шарт бойынша қызметтер енді көрсетілмеді.

2025 жылдың қазан айының толық айында талап коюшы 138 602,66 теңге сомасына төлем жасады.

Талап коюші талап арызында Шарттың тиісті түрде жасалмаған, сондықтан жауапкер мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануға жататынын көрсеткен. 28 қазаннан 10 қарашаға дейін (талап қойылған күн) көрсетілмеген қызметтер үшін 20 164 теңге көлемінде тұрақсыздық айыбын өндіріп алуға жатады. Жауапкерден Талапкердің пайдасына 17 884 теңге 2025 жылдың қазан айына артық төленген сомасын (30 күнге 138 602,66:30= 4 471х4=17 884) өндіріп алуға жатады.

Жауапкер сотқа ескіру мерзімін қолдану туралы арыз берді. Талап коюшы талап-арызды 10.11.2025ж. жібергеніне қарамастан, оған Жауапкер қызметтерді тиісті түрде орындамағаны 30.01.2025 ж. белгілі болды. Осылайша, Талап коюшы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Заңының 8 бабының 4 тармағындағы 4 тармақшасында берілген күнтізбелік 30 күндік мерзімін бұзды. Талап арызды қанағаттандырудан бас тартуды сұрады.

Сот отырысында талап коюшының өкілі талап арызды қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкердің өкілі талап арызды қанағаттандырудан бас тартуды сұрады.

Прокурор талап арызды толық қанағаттандыру туралы қорытынды шығарды.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

1-талап бойынша

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2024 жылғы 1 шілде Заңының 8-бабы, 4-тармағының сәйкес (бұдан әрі - Заң) мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі: 1) анық емес ақпаратты берген әлеуетті өнім берушілердің немесе өнім берушілердің; 2) жеңімпаз деп айқындалған, шарт жасасудан жалтарған әлеуетті өнім берушілердің; 3) өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған өнім берушілердің; 4) өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді. Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасында көрсетілген жағдайда, ұйымдастырушы, бірыңғай ұйымдастырушы, тапсырыс беруші әлеуетті өнім берушінің немесе өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы өздеріне мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, мұндай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті. Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда тапсырыс

Документ подписан: Кусманова А. К., 06.01.2026
Дата вступления в законную силу: 09.02.2026, судья Кусманова А. К., 09.02.2026
7119-25-3-1/13825

беруші шарт бұзылған не шарттың қолданылу мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті. Осы тармақтың бірінші бөлігінің 4) тармақшасында көрсетілген жағдайда, тапсырыс беруші өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын және (немесе) шарттың талаптарын бұзу фактісі туралы өзіне мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей мұндай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Талапкердің сотқа талап қоюдың бұлтартпау мерзімі бұзылған жоқ, өйткені 2025 жылдың 28 қазанына дейін Интернет қызметтері көрсетілді. Талап арызы 2025 жылдың 10 қарашасында сотқа берілді.

Жауапкер 2025 жылдың 28 қазанынан бастап қызмет көрсетілмегенін, Интернет өшірілгенін жоққа шығарған жоқ. Осылайша, Шарт тиісті түрде орындалмайды.

Талап коюшы Шартты жасау кезінде күткенін алмаған.

Мұндай жағдайларда мемлекеттік сатып алуға қатысушыны жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қанағаттандырылуға жатады.

2-талап бойынша

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 293-бабына сәйкес өсімпұл (айыппұл, өсімпұл) – борышкер міндеттеме орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған жағдайда, атап айтқанда, мерзімінде орындалмаған жағдайда кредиторға төлеуге міндетті заңда немесе шартта айқындалған ақшалай сома. Несие беруші тұрақсыздық айыбын төлеу туралы талап қойылған жағдайда оның шығынға ұшыраганын дәлелдеуге міндетті емес.

Шарттың 7.3 тармағына сәйкес талапкер 14 күн кешіктірілген (2025 жылғы 28 қазаннан 10 қарашаға дейін) сомасы 20 164 теңгені (1 440 320 теңге х 0,1 % х 14 күн) құрайтын тұрақсыздық айыбын есептеді. Осы кезеңде қызметтер көрсетілмеді, тұрақсыздық айыбын өндіруге негіз бар.

3-талап бойынша

ҚР АК 272-бабының талабына сәйкес, міндеттеме – міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда – іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Талап коюшы жауапкерге 2025 жылдың қазан айында қызметтердің құнын толық төледі, ал 28-31 қазан аралығында қызметтер көрсетілмеген. Демек, 17 884 теңге сомасы жаупкерден талап коюшының пайдасына өндіріліп алынады. 2025 жылдың қазан айына артық төленген сомасын (30 күнге 138 602,66 теңге : 30 күн = 4 471 теңге х 4 күн = 17 884 теңге).

Документ подписан: Кусманова А. К., 06.01.2026

Дата вступления в законную силу: 09.02.2026, судья Кусманова А. К., 09.02.2026

Мұндай жағдайларда талаптар толық көлемде қанағаттандырылуға жатады.

АПК-нің 109-бабына сәйкес жауапкерден талап коюшынын пайдасына 1 141 теңге (38 048 теңге х 3%) мемлекеттік баж өндірілсін.

АПК-нің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекетке 1 966 теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Жоғары медицина колледжі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны жауапкер «Fast Telecom» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы, тұрақсыздық айыбын, сомасы өндіру туралы талап қоюы толық қанағаттандырылсын.

«Fast Telecom» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Fast Telecom» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктен Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Жоғары медицина колледжі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның пайдасына 20 164 (жиырма мың бір жүз алпыс төрт) тенге тұрақсыздық айыбы, 17 884 (он жеті мың сегіз жүз сексен төрт) теңге артық төленген сомасын, 1 141 (бір мың бір жүз қырық бір) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

«Fast Telecom» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктен мемлекет кірісіне 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік бажға төленуі тиіс сот шығысы өндірілсін.

Шешімге тараптар және прокурор Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **А.К. Кусманова**

Документ подписан: Кусманова А. К., 06.01.2026

Дата вступления в законную силу: 09.02.2026, судья Кусманова А. К., 09.02.2026

Документ подписан: Кусманова А. К., 06.01.2026

Дата вступления в законную силу: 09.02.2026, судья Кусманова А. К., 09.02.2026

7119-25-3-1/13825